

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Философия кафедрасы
«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алуға дайындалған Кемербай Рауан Амантайұлының
«Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбында жазылған
диссертациялық жұмысына

ШКІР

Асан Қайғы уақыт туғызған тұлға. Уақыт туғызғаннан кейін адам идеяға айналған. «Қайғы» деген ойшылдықтың мінездемесі. Осы неге, Асан Қайғыны неге қоймайсындар десем, Асан «қайғы» ғой дейді. Асан – ойшылдықтың мінездемесі. Ойшыл - адам ғана қайғыда болады. Абай «ауыр ойды көтеріп ауырған жан» дейді. Дүниедегі ең ауыр – ой. Ойға тең келетін ауыр нәрсе жоқ. Черная дыраның 1см^3 100 000 000 салмақ болады. Ой - одан да ауыр.

Асан Қайғыны уақыт туғызған. Заман - екі нәрседен тұрады: уақыт және кеңістік. Қазақтар уақыт пен кеңістіктің бірлігінен «заман» деген ұғым шығарған. Сонда оның қайғысы не? Қайғысы – жер. Жерді орыстар тартып алып жатты. Жерсіз қалды. Еділден, Доннан қуып тастады. Асан Қайғы, оның қилы заманы – жер үшін қайғыға түскен ойшыл, практик. Ол ешқандайда утопист емес, Томас Мормен қатысы жоқ. Жер үшін, мемлекет үшін күрескен, мемлекеттің іргетасын құраушы идеолог. Асан Қайғыны білу үшін бар болғаны оның жүрген жеріне бару керек, ол әрбір жерге мінездеме берген. Содан «Жерұйық» концепциясы шығады. Осы мәселені көбірек қарау керек. Платонның идеясын оқыды ма, оқымады ма, одан басқа да оқыған адамдары көп. «Жерұйық», жерге ұю – мемлекет болу. Мемлекеттің басты нәрсесі – жер. Жері жоқ халықтың мемлекеті де жоқ. Асан қайғы жерден айырылып бара жатырмыз деп, заманның бір мәселесін шығарған. Қилы заман содан шыққан.

Қилы заман – кеңістік пен уақыттың тарылғаны. Аталарымызға кеңістік пен уақыт тарылды, қысылды. Қилы заман содан шықты. Құндылықтар кетіп жатыр. Сол мәселе Асан Қайғыны қынжылтқан. Асан Қайғы қазақтың тарихи тұлғасы. Заман мәселесін әдебиетшілер түсінік ретінде қарайды. Өйткені, ұғым деп қарай алмайды. Заманда түсінік бар. Түсінікті трансформациялап, философияға ұғым деп шығару керек. Әдебиетшілер қилы заманды, қайғыны айта алмады, олар түсінік ретінде қарайды. Біз заманды философиялық ұғым деңгейіне көтеріп, эмпирикалық жағын қарастырған жөн. Тек ойшылдарда ғана қайғы болады. Қазақтың пәлсапасы логикалық жүйеге келмейді, қазақтың философиясы метафораға толы. Бізде логика жағын қуаламайды. Біз метаформамен сөйлейміз.

Қазақ дүниетанымындағы заманның ішінде адам мен қоғам бірігіп кетеді. Бірақ, кеңестікте құбылып тұрады. «Жерұйық» Асан Қайғының жеке шығармашылығы. Бұл категория, бұл идеология. Бұл саясат. «Жерге ұю» -


деген мемлекет болу деген сөз. Бір жерге ұйысаң сол мемлекет. Қай жерге мемлекет құрамыз дегенде Асан Қайғы осы жерге деп Қазіргі Қазақ жерін айтқан. Өз үйің «Жерұйық». Жерұйық өзіңнің кеңестікте туып-өскен, жетіліп жатқан жерің.

Қазақша ойлаудың, қазақ философиясының басы Асан Қайғы. Ол - өте үлкен фигура. Ойшыл адам – қайғылы. Қайғысыз адам – ойшыл бола алмайды. Не үшін қайғырды – ұрпақ, болашақ үшін, ел, жер үшін қайғырды. Жеке басының қайғысы емес. Сондықтанда, докторанттың ғылыми зерттеуі үлкен ойшылдықтың, ізденістің нәтижесі.

Диссертация тақырыбы, Асан Қайғы, қилы заман бүгінгі күннің өзекті мәселелері. Заманның қандай бағыт алып жатқанын көрудеміз. Осындай қилы заманда бізге ойлану керек. Заман туралы, заманның құндылықтарында қайтадан қарауды уақыт талап етуде.

Осындай сұрақтарға докторант өзінше жауап іздеген. Жан-жақты жазылған. Докторант, ізденуші, шәкіртім Кемербай Рауанның PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» атты диссертация жұмысына өте жақсы деген баға беремін.

Ғылыми жетекші,
ҚР ҰҒА академигі, филос.,ғ.д.,
профессор



Ғарифолла Есім

